

Сыныбы: 1 "А" сыныбы

Сабақтың тақырыбы: Қалада және ауылда

Сабатың мақсаты: Қала және ауыл жайлы толық
мағлұмат беру.

Сабақтың міндеті:

*Оқушыларға қала мен ауыл туралы түсінік беру.

*Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын дамыту.

*Туған жерін сүйетін елжанды азамат тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақты меңгерту

Сабақтың әдіс- тәсілдері: Сыни тұрғысынан ойлау
технологиясы

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, суреттер, кесте, сызба.



Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық дайындық:

*Мейірімді жүрекпен,
Ақ пейілді тілекпен.
Амандасып алайық,
Бір жадырап қалайық!*



**Қызығушылықты ояту:
“ҚАЛА” мен “АУЫЛ” ойыны**
Мақсаты: Бағандарға қала мен ауыл аттарын жазу

ҚАЛА	АУЫЛ



Мағынаны тану

1. Мұғалімнің мәнерлеп оқуы.
2. Оқушылардың тізбектеп оқуы.
3. Мазмұнын қысқаша сұрап бі.
4. Мәтінді бөлімдерге бөліп, жұппен оқу.
5. Әр жұптың мүшесі, өзі оқыған бөлімі бойынша бір-біріне әңгімелейді.



Мәтінмен жұмыс

Қаланың үйлері көп қабатты болады. Күні – түні көшеде көліктер ағылып жатады. Адамдар тротуармен жүреді.

Көше бойлай ағаштар мен бұталар өседі. Адамдар демалуға арналған саябақтар, әдемі гүлдері жайқалған гүлзар бар. Қаланы көгалдандырумен арнаулы мекеме айналысады. Ол “Жасылқұрылыс” деп аталады.

Қалада театрлар, кинотеатрлар, ірі дүкендер, балабақшалар, мектептер және ауруханалар болады. Мейрамда қала тұрғындары қыдыратын үлкен алаңдар бар.


Ауылдың үйлері көбінесе бір қабатты болады. Көшелерді жасыл ағаш желектері көмкеріп тұрады. Ауыл адамдары бақ, гүл өсіреді, бақшада түрлі көкөніс пісіп тұрады. Онда сиыр, жылқы, қой, ешкі ұстайды. Тауық, үйрек, күркетауық сияқты үй құстарын өсіреді. Ауылда мектеп, балабақша, аурухана, мәдениет үйі, кинотеатр бар.

Сергіту сәті

*Отан - менің ата-анам,
Отан - досым, бауырым.
Отан - өлкем, астанам,
Отан - туған ауылым.*




• Қала



- Үйлер
- Адамдар
- Балабақша
- Дүкен
- Кітапхана
- Мекеме
- Мектеп
- Кинотеатр
- Театр

• Ауыл



Қала мен ауылдың ортақ белгілерін табу

Ауылдағы құрылыстың қала құрылысынан қандай айырмашылығы бар?




Ауылдағы еңбек түрлері



Қаладағы еңбек түрлері



ВЕНН диаграммасын толтыру





Сабақты қорытындылау
“ОЙ ТОЛҒАНЫС”

1. Сенің ауылың қалай аталады?
2. Ауылыңда қандай көшелер бар, олар қалай аталады?
3. Қаланы көгалдандырумен қандай мекеме айналысады?
4. Тұған жер туралы қандай мақал- мәтелдер білесіңдер?





БАҒАЛАУ



Үйге тапсырма:
Өзіңнің туған
ауылыңның суретін
салу,
“Қалада және ауылда”
мәтінін оқу



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !

Сіздерге жүректің жылулығын, жанның
сұлулығын тілейміз!

Орындағандар: М.Х.Какимжанова

Алматыоблысы Панфилов ауданы
Айдарлы орта мектебі

